

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 4 наурыздағы N 353 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің ҚАУЛЫСЫ 2000 жылғы 14 наурыз N 393

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Заттай нысанда роялти төлеу туралы және ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді жанар-жағармай материалдарымен қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 4 наурыздағы N 353 P000353 – қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 1-тармақта "(бұдан әрі - БДБ)" деген сөздерден кейін

"Мұнай-Импекс" ЭИФ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне (бұдан әрі - Мұнай-Импекс)" деген сөздермен толықтырылсын;

2) әрі қарай мәтін бойынша БДБ деген сөзден кейін "Мұнай-Импекс" деген сөздермен толықтырылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:
Қобдалиева Н.М.
Орынбекова Д.К.